



ОПС ОП «ICERT» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРТИФИКАТТАУ ОРТАЛЫҒЫ

көппәтерлі тұрғын үйді басқару саласындағы сертификаттау схемаларына сәйкестікке ҮМІТКЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

Құрметті үміткер!

Сізді персоналдың сәйкестігін растау жөніндегі орган «ICert» Халықаралық сертификаттау орталығының сертификациялық емтиханында қарсы аламыз.

Емтихандарды өткізу үміткердің кәсіби және жеке қасиеттерін анықтауға, сондай-ақ көппәтерлі тұрғын үйді басқару саласындағы талаптарға сәйкестігін белгілеуге бағытталған.

Емтихан Сіз таңдаған сертификациялау схемасына сәйкес бір немесе бірнеше тәсілмен (жазбаша, ауызша, практикалық) өткізіледі:

I схема — «Көппәтерлі тұрғын үйді басқарушы»: Тестілеудің жалпы уақыты — 100 минут. Емтихан барысында үміткерге 100 тест сұрағы ұсынылады, олар 4 блок бойынша қалыптастырылған: (НҚА 40 сұрақ, СТ РК 40 сұрақ, Практикалық тапсырмалар 10 сұрақ, Кәсіби стандарт 10 сұрақ)

Сертификация нәтижелерін бағалау екі критерий бойынша жүзеге асырылады:

1. Әрбір блок бойынша үміткер кемінде **50% дұрыс жауап** жинауы тиіс.
2. Емтиханның жиынтық ең төменгі өту шегі кемінде **60%**, яғни **100 сұрақтың кемінде 60-ына дұрыс жауап**.

Үміткер емтиханның екі критерийін орындаған жағдайда сертификациялық емтиханды **сәтті тапсырған** болып есептеледі.

II схема — «Тренер-кеңесші» Оқыту бағдарламасын қорғау және әңгімелесуден өту уақыты — **40 минут**.

Үміткер емтиханнан кемінде **60%** жинаған жағдайда емтиханды тапсырған болып есептеледі.

Емтихан барысында үміткерлерге тыйым салынады:

- нормативтік, анықтамалық, оқу және өзге де әдебиеттер мен материалдарды пайдалануға;
- қабылдайтын және тарататын электрондық құрылғыларды қолдануға;
- басқа тұлғалармен кез келген келіссөздер жүргізуге;
- емтихан сұрақтарының мазмұнын көшіруге немесе үшінші тұлғаларға беруге;
- дербес компьютерде немесе ноутбукте басқа беттерге (вкладкаларға) өтуге;
- емтихан тапсырмаларын аудиториядан алып шығуға;
- алкогольдік, уытты немесе есірткілік мас күйінде емтиханға қатысуға;
- емтихан кезінде алаяқтық әрекеттерге жол беруге;
- емтихан өткізу тәртібі мен тәртібін бұзуға.

Емтихан комиссиясы өз қызметінде бейтараптық, объективтілік, этикалық қағидаттар мен ашықтық принциптерін басшылыққа алатынын назарларыңызға саламыз.

Әрбір үміткермен емтихан өткізу барысы техникалық жазу құралдары арқылы тіркелетінін хабарлаймыз.

Емтихан нәтижелері үміткердің жеке кабинетінде, www.exam.icert.kz сайтында емтихан тапсырған күннен бастап **5 (бес) жұмыс күні ішінде** қолжетімді болады.

Емтихан өткізу тәртібімен таныстым

_____ қолы

_____ Үміткердің Т.А.Ә.

Дата: _____